

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
Академия бастығының орынбасары
З.Ғ.К., доцент, полиция полковнигі
О.Т. Сейтжанов

2020 жыл «31» ес

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
Жас ғалымдар мен мамандар кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1.1. Академияда жас ғалымдар мен мамандар кеңесі заң және қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселелерін шешу үшін, олардың ғылыми қызметінің тиімділігін көтеру үшін құрылады.

1.2. Жасы 40-тан аспаған Академияның ғылыми қызметкерлері, ізденушілер, магистранттар, докторанттар және оқытушылар жас ғалымдар болып табылады.

1.3. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесі Академия басшылығы жанындағы тұрақты қызмет ететін қоғамдық орган болып табылады.

1.4. Академияда жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің құрылуына және оның құрылымдық бөліністермен қызметін үйлестіруіне жауапкершілік Академия бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

2. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің негізгі міндеттері

2.1. Академияда жас ғалымдардың кәсіби өсуіне, іргелі және қолданбалы зерттеулерге жас ғалымдардың белсене араласуына көмектесу.

2.2. Академия басшылығы мен ғылыми кеңесте сондай-ақ мемлекеттік органдарда және қоғамдық ұйымдарда жас ғалымдардың құқықтарын қорғау және өкілдік органдардың рөлін орындау, жас ғалымдардың түрлі кәсіби қызмет аспектілері бойынша пікірін білдіру.

2.3. Өзекті ғылыми мәселелер мен басым ғылыми міндеттерді шешу үшін Академиядағы жас ғалымдардың күшін біріктіру.

2.4. Арнайы дайындалған іс-шаралар жүйесі арқылы жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын белсендіре түсу.

2.5. Жас ғалымдардың зерттеу жобаларына, ғылыми гранттарға, байқауларға, бағдарламаларға, тағылымдамаларға қатысу нысандарын жетілдіру.

2.6. Өзге де ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының жас ғалымдарымен кеңесімен байланыс жүйесін қалыптастыру және кеңейту.

3. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесі қызметінің нысандары

3.1. Жас ғалымдардың конференцияларын, семинарларын және кездесулерін, жетекші ғалымдардың ғылыми мектептері мен дәрістер циклдерін өткізуді ұйымдастыру.

3.2. Республикалық және халықаралық конференциялар мен семинарлар, симпозиумдар, тағылымдамаларға жас ғалымдардың қатысуына көмек көрсету.

3.3. Қазақстан Республикасы, таяу және алыс шетелдердің қорлары, гранттары, конференциялары, мектептері, байқаулары және өзге де іс-шаралары туралы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы жас ғылыми кадрларды мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттармен жас ғалымдарды қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

3.4. Жас ғалымдарға гранттық қолдау көрсететін отандық және шетелдік қорлар мен бағдарламалар туралы ақпараттарды жинау және жүйелендіру;

3.5. Жас ғалымдарға ғылыми жұмыстарды жариялауға әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету;

3.6. Жылжытуға резервті қалыптастыруға қатысу;

3.7. Докторантура, магистратураны бітірушілердің педагогикалық қызметке бейімделуін жеделдету жөнінде шаралар қабылдау.

3.8. Жас ғалымдар мен мамандарға оқу процесіне және тәжірибеге ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізуіне көмек көрсету;

3.9. Ізденушілерге ғылыми зерттеулердің әдісі мен әдістемесін меңгеруіне кеңестік көмек көрсету;

3.10. Академияның ҒЗЖ жоспарларын құрастыруға қатысады;

3.11. Академияның жас ғалымдары мен мамандарының жұмыс қорытындысы бойынша жылдық есебін дайындау.

4. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің құқықтары

Жас ғалымдар мен мамандар өздерінің негізгі қызметтерін орындау үшін:

1) ғылыми жастардың проблемаларымен байланысты нормативтік актілер және құжаттарды дайындау, сараптауға қатысуға;

2) қолжеткізген жетістіктері үшін жекелеген жас ғалымдарды марапаттау және оларды қолдау туралы ұсыныстар жасауға;

3) ғылыми конференциялар, семинарлар, симпозиумдарға және т. б. қатысу үшін жас ғалымдардың кандидатураларын ұсынуға;

4) Академиядағы ғылыми кеңес жұмысына дауыс беру құқығымен қатысуға;

5) жас ғалымдар, оқытушылар мен мамандарды атестаттауға қатысуға;

6) жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін талқылауға;

7) Академия басшылығына оның қызметімен байланысты кез-келген мәселелер бойынша жүгінуге құқылы.

5. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесі қызметінің ұйымдастырушылық принциптері

5.1. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесі Академиядағы жас ғалымдардан және оған ерікті қатысушылардан тұрады. Кеңесті жедел басқару үшін төраға және кеңес хатшысы сайланады. Төраға кеңес жұмысын ұйымдастырады және ұйымдағы жас ғалымдардың мүдделерін қорғайды.

5.2. Академиядағы жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің төрағасы сайлау кезінде жасы 40-тан аспаған ғылыми қызметкерлер арасынан сайлана алады, сайлау үш жылға дейінгі мерзімде құпия немесе ашық түрде дауыс беру (қатысушылардың көпшілік шешімімен) жолымен өткізіледі. Егер отырысқа жас ғалымдар құрамы тізімінің 2/3 бөлігі қатысса, жиналыс құқыққа сай деп танылады. Жас ғалымдар кеңесі төрағасының өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін ол жаңа мерзімге қайта сайлана алады.

5.3. Кеңес құрамының саны мен құрылымы осы кеңесте шешілетін міндеттеріне қарай жалпы жиналыста шешіледі. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің құрамы Академия бастығының бұйрығымен бекітіледі.

5.4. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің төрағасы Академиядағы Ғылыми кеңестің мүшесі болып табылады.

5.5. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесі қызметінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының білім беру туралы» заңы, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңы және «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңы және Академия Жарғысы сонымен қатар өзге де нормативтік-құқықтық актілер болып табылады. Кеңес өз қызметінде осы ережені, Академиядағы ғылыми кеңестің және жедел кеңестің шешімдерін, Академия бастығының және Академия бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарының бұйрықтары мен өкімдерін басшылыққа алады.

5.6. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесі өзінің қызметін Академия бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары бекіткен жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Жылдық жұмыс қорытындысы бойынша жас ғалымдар кеңесі есеп дайындап, оны кеңестің жалпы жиналысында баяндайды.

5.7. Жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің отырысы жылына кемдегенде төрт рет өткізіледі. Талқылау қорытындысы шешім түрінде ресімделіп, отырыс барысын хаттамаға тіркеледі. Жас ғалымдар кеңесінің хаттамалары мен шешімдері кеңес хатшысында сақталады.

5.8. Кеңестің бекітілген тізім құрамының 2/3 мүшесі қатысса, кеңес отырысының құқыққа сай деп танылады.

5.9. Кеңес шешімі отырысқа қатысушы кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру жолымен қабылданады. Талқыланған мәселелер бойынша дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс төрағалық етушінікі болып табылады. Кеңес мүшесі немесе мүшелері қабылданған шешімге келіспеген жағдайда өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы.

Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды Академиясы Ғылыми кеңесінің
мәжілісінде талқыланды және мақұлданды (2024 жылғы 30 желтоқсан № 4
хаттама).

**Академияның жас ғалымдар мен мамандар
кеңесінің төрағасы
полиция капитаны**

А. Тусупбеков

**Академияның жас ғалымдар мен мамандар
кеңесінің хатшысы
полиция аға лейтенанты**

Ж. Жалмаханов